

Ф.7.02-10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРҒЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

М. Әуезов атындағы ОҢДҮСТІК ҚАЗАҚСТАНУНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

7M02330-Цифрлық лингвистика және мәдениетаралық коммуникация

Тіркеу номері	7M02300152
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M023 Тілдер және әдебиет
Білім беру бағдарламаларының (ББ) тобы	M057 Лингвистика
ББ түрі	Инновациялық
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	қазақ, орыс, ағылшын
ББ көлемі	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2024ж.

Әзірлеушілер:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы
Карбозова Г.К.	Заманауи тілдер және аударматану кафедрасының менгерушісі, ф.ғ.к., доцент	
Шойманова М.Б.	Заманауи тілдер және аударматану кафедрасының доценті, ф.ғ.к.	
Адыrbекова Г.М.	ОҚУ Білім беру бағдарламаларының менеджменті орталығының басшысы	
Даulet M.	Заманауи тілдер және аударматану кафедрасы әдвайзері, оқытушы	
Азимбаева А.Ф.	"Professional" аударма агенттігінің директоры	
Самофалова О.А.	«SCAT» әуекомпаниясы Азаматтық авиация оқу орталығы Лингвистикалық бөлімінің менгерушісі	
Сембекова Б.М.	«Сембекова и К» туристік агенттігінің директоры	
Жуманова Н.С.	«Шымкент қаласының орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі» КММ	
Алтынбекова Д.А.	Шымкент қаласындағы ХББ НЗМ, Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігінің жетекшісі	
Голев Юрий	7M02330-Цифрлық лингвистика және мәдениетаралық коммуникация мамандығы магистрант	

Білім беру бағдарламасы Филология факультеті бойынша академиялық сапа жөніндегі комитеттің мәжілісінде қаралды.

«16 » 02 2024ж. № 4 хаттама.

АК төрағасы М.Т. Шакенова М.Т.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оку-әдістемелік Кеңесінде қаралып және бекітуге ұсынылды.

«28 » 02 2024ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы К.Р.Сарыкулов

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«28 » 03 2024ж. № 10 хаттама.

## МАЗМҰНЫ

1.	Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	7
3.	БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері	10
3.1	Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	12
4.	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	14
5	Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде менгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте	32
6.	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	33
7	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету	34
	Келісу парагы	36
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	37
	Қосымша 2. Эксперттік қорытынды	38
	Қосымша 3. Кәсіби стандарттар	

Ф.7.02-10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

М. Өуезов атындағы ОҢДҮСТІК ҚАЗАҚСТАНУНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

7M02330-Цифрлық лингвистика және мәдениетаралық коммуникация

Тіркеу номері	7M02300152
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M02 Өнер және гуманитарлық фылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M023 Тілдер және әдебиет
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	M057 Лингвистика
БББ түрі	Инновациялық
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	қазақ, орыс, ағылшын
БББ көлемі	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (КББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2024ж.

## **1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

<b>Университет миссиясы</b>	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындау
<b>Университет құндылықтары</b>	-Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір; -Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады; -Академиялық еркіндік – таңдау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет; Серіктестік – барлығы жеңіске жететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру; -Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
<b>Тұлек үлгісі</b>	-Пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі дамыту; -Жедел өзгермелі жағдайдағы ақпараттық-цифрлық сауаттылық және ұтқырлық; Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект; -Кәсіпкерлік, дербестік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік; -Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
<b>БББ бірегейлігі</b>	«7M02330-Цифрлық лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» ББ бірегейлігі келесі бағыттар бойынша мамандарды даярлау мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған: технологияларды, оқу процесін ғылыми және инновациялық қызметпен интеграциялаудың жаңа нысандарын, цифрлық экономика мен қоғамның әлеуметтік маңызы бар салаларында ғылыми зерттеулердің іргелі және қолданбалы нәтижелерін қолдануға білім беруді бағдарлауды қамтиды. Бұл міндетті шешу пәнаралық тәсілді одан әрі тереңдегуге, магистранттарда оқыту мен тіл білімі әдіснамасының өзекті бағыттары – когнитивті және антропологиялық, прагматика мен дискурс, түлектердің инновациялық және цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында кәсіби қызмет салаларындағы аударма теориясы бойынша жүйелі проблемаларды шешуге шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл әдістер мен технологияларға өзін-өзі басқару, қызмет арқылы оқыту, нақты ғылыми-білім беру саласында, оның ішінде шетелдік ғылыми-білім беру мекемелерінде

	зерттеу практикасы немесе тағылымдама процесінде оқыту кіреді. Университет магистратураның білім беру бағдарламасын шетелдік жетекші білім және ғылым үйымдарымен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.
<b>Академиялық адалдық және этика саясаты</b>	Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды: - Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нұр бұйрығы); - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (08.01.2025ж. №9-нұр бұйрығы); - Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нұр бұйрығы);
<b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</b>	1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2. ҚР БжFM 30.10.2018 ж. №595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығымен және ҒжЖБМ 24.06.2024ж. №307 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 3. ҚР БжFM 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 4. ҚР БжFM 20.07.2022ж. №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 04.03.2025ж. №90 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 5. ҚР БжFM 20.04.2011ж. №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» бұйрығымен және ҒжЖБМ 29.04.2024ж. №203 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 6. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж. №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» және 20.06.2024ж. №207 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген 7. Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 12 ақпандығы № 57 бұйрығына қосымша 8. ҚР ҒжЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, 04.05.2023 жылғы № 601 нұр бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген
<b>Білім беру процесін ұйымдастыру</b>	-Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру; -Студентке бағытталған оқыту; -Қол жетімділік; -Инклюзивтілік

<b>БББ сапасын қамтамасыз ету</b>	-Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі; -ББ өзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту; -Жүйелі мониторинг; -Мазмұн өзектілігі (жаңарту)
<b>Оқуға тұсушілерге қойылатын талаптар</b>	ҚР БжFM 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген
<b>Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары</b>	Ерекше білім беруді қажетететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қымыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін колжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <a href="http://lib.ukgu.kz/">http://lib.ukgu.kz/</a> тәулік бойы жұмыс істейді. Оқу процесін үйымдастыруда және сабактардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>БББ мақсаты</b>	ББ мақсаты: шет тілдік (ағылшын тілі) білім беру, лингвистика, аударматану және мәдениетаралық коммуникация саласында цифрлық құралдарға ие, сұранысқа ие лингвист-аудармашылар магистрлерін даярлау.
<b>БББ міндеттері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоғамда әлеуметтік жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы нормаларды сактау;</li> <li>- өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, өзгеретін жағдайларға олардың кәсіби мансабының барлық кезеңінде сәтті бейімделуге мүмкіндік беретін магистрлік дайындықты қамтамасыз ету (soft skills);</li> <li>- жоғары интеллектуалды даму деңгейіне жету үшін жағдай жасау, сауатты сөйлеуді менгеру, білім беру, лингвистика және аударма ісі саласындағы ғылыми еңбекті үйымдастыру мәдениеті мен ойлау қабілетін, автоматты және автоматтандырылған аудармаға арналған онлайн сервистер мен қосымшаларды пайдалану;</li> <li>- даярлық бағыты бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін зияткерлік, рухани, эстетикалық дамуы үшін жағдай жасау.</li> <li>- сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.</li> </ul>
<b>БББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шенберінің 7-ші деңгейі;</li> <li>• 7-ші біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары;</li> <li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шенберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li> <li>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шенберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Lifelong Learning).</li> </ul>
<b>БББ кәсіби саламен байланысы</b>	Білім беру бағдарламасы кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру арқылы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзтілген ғылыми-зерттеу, тәжірибелік және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлерімен байланысты кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған.
<b>Берілетін дәреже аталымы</b>	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «7M02330 – Цифрлық лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» білім беру бағдарламасы бойынша филология магистрі дәрежесі беріледі.

<b>Біліктілік пен лауазымдар тізімі</b>	«Цифрлық лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлер жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептерде магистр-оқытушы, лингвист-зерттеуші, даярлық бағыты бойынша ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарда ғылыми-қызметкер, қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы, ғылыми-техникалық материалдардың редактор-корректоры лауазымдарын атқара алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік корғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, отандық және халықаралық компанияларда басшылық лауазымдарда қызмет атқаруы мүмкін.
<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	Кәсіби қызмет саласы білім және ғылым саласы; әкімшілік-басқару саласы; мәдениетаралық коммуникация және халықаралық байланыстар саласы; баспа ісі саласы; бұқаралық ақпарат құралдары саласы; ақпараттық-талдау саласы болып табылады.
<b>Кәсіби қызметтің объектілері</b>	Тұлектердің кәсіби қызметтің нысандары: жоғары оқу орындары және жалпы білім беретін мектептер, бейінді ғылыми ұйымдар, ғылыми кітапханалар, білім және ғылым департаменттері, баспалар, БАҚ, мәдениетаралық коммуникация ұйымдары, халықаралық өкілдіктер, мамандық бейініне сәйкес белгіленуі мүмкін кең бейінді ақпараттық-талдау қызметтері, елшіліктер, туризм жөніндегі агенттіктер, аударма бюросы және басқа да нысандар.
<b>Кәсіби қызмет пәні</b>	«Цифрлық лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» ББ бойынша магистрдің кәсіби қызметтің пәндері білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасының талаптарын іске асыру, шет тілінде білім беру, лингвистика (прагматика және дискурс) және аударматану әдістемесінің теориялық мәселелері; кәсіптік лингвистикалық білім беру және аударматану саласындағы инновациялық технологиялар мен стратегиялар, ғылыми-техникалық бағыттар бойынша ақпаратты рефераттау, ғылыми-білім беру қызметтіндегі консультациялар болып табылады.
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	«Цифрлық лингвистика және мәдениетаралық коммуникация» ББ магистрі келесі кәсіби қызмет түрлерін орындаі алады: <ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылыми-педагогикалық (шет тілінде білім беру мен аудармашылықты оқыту әдістемесі саласындағы теориялық мәселелер мен инновациялық стратегиялар);</li> <li>- ғылыми-зерттеу (ғылыми және лингвомәдениеттанымдық материалдарды талдау, лингвистика және аударматану мәселелері бойынша ғылыми баяндамалар мен мақалалар дайындау);</li> <li>- өндірістік-басқарушылық (отандық, шетелдік және бірлескен компаниялардың тиісті бөлімшелерінде басқару және/немесе кәсіби міндеттерді орындау);</li> <li>- ұйымдастыруышылық (ғылыми-зерттеу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу, кәсіби және қоғамдық ұйымдар құру);</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ақпараттық-аналитикалық (әлеуметтік-саяси талдауды жүзеге асыру, іскерлік хат-хабарларды, ғылыми-зерттеу есептерін, шолуларды, жағдаяттарға болжамдарын құрастыру, ғылыми-техникалық бейіндегі мәтіндерді редакциялау);</li> <li>- аударма және шығармашылық (әртүрлі жанрдағы мәтіндер мен құжаттардың жазбаша аудармасы, келіссөздерді, халықаралық кездесулерді, ғылыми симпозиумдар мен конференцияларды ауызша аудару; әдеби шығармаларды шет тілінен қазақ тіліне және қазақ тілінен шет тіліне көркем аудару);</li> <li>- медиалингвистикадағы қызмет.</li> </ul>
Оқыту нәтижелері	<p><b>ОН1</b> Лингводидактикалық занылыштардың жалпы ережелері мен педагогика мен лингвистиканың өзекті әдістемелік және философиялық мәселелерін түсінуді көрсету;</p> <p><b>ОН2</b> Мәдениетаралық және пәнаралық байланыс аспектісінде білім мен ғылымның, теориялық және қолданбалы лингвистиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін талдай білу;</p> <p><b>ОН3</b> Қазіргі заманғы шет тілін оқытуудың инновациялық платформаларының мазмұнын ұйымдастыру, зерттеу нәтижелерін бере отырып, ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметті жоспарлау және ұйымдастыру (Top 5 soft skills);</p> <p><b>ОН4</b> Кәсіби мәселелерді шешу кезінде автоматты және компьютерлік аударманы (электрондық онлайн сөздіктер) орындаі отырып, аударматану және есептеу лингвистикасында цифрлық технологияларды және жасанды интеллектті пайдалану;</p> <p><b>ОН5</b> Білім және ғылым саласындағы заманауи ғылыми-теориялық көзқарастар, философиялық мәселелер, лингвистикалық теориялар мен мәдениетаралық коммуникациялар, ғылыми-теориялық дүниетанымдар туралы білімдерін кіркітіре отырып, кәсіби мәселелерді өз бетінше шешу (Top 10 Hard skills: 1,2,3);</p> <p><b>ОН6</b> Шет тілінде коммуникативті дағдылардың кәсіби деңгейін көрсете отырып, сынни тұрғыдан ойлау және генеологиялық тұрғыдан туыс емес тілдерді салыстыру арқылы техникалық және ғылыми мәтіндерге металлингвистикалық және аудармалық талдау жүргізу (CEFR бойынша C2); зерттелетін дискурс түрлеріндегі мәтіндердің жанрлық түрінің стильдік параметрлерін ранжирлеу;</p> <p><b>ОН7</b> Басқару тұрғысынан іргелі психологиялық тұжырымдамаларды пайдалана отырып, қарым-қатынас жағдайларын шешу, кәсіби және жеке әлеуетті дамыту үшін арнайы және іргелі білімдерді қолдану (Top 5 soft skills);</p> <p><b>ОН8</b> Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, тіл білімі саласындағы теориялық білімге және шет тілін оқыту әдістемесіне негізделген лингвистикалық зерттеу</p>

	әдістерін ұсыну.
--	------------------

### **3. БББ бітіруші түлектерінің құзыреттіліктері**

<b>ЖАЛПЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕР (SOFTSKILLS)</b> . Мінез-құлыш дағдылары және тұлғалық қасиеттер	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзіреттілігі	<p>ЖҚ1.1 Таңдалған траекторияда және пәнаралық ортада өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті.</p> <p>ЖҚ1.2. Көсіби салада ой, сезім, фактілер мен пікірлерді айта білу қабілеті.</p> <p>ЖҚ1.3. Қазіргі замандағы ұтқырлық және сынни ойлау қабілеті.</p>
ЖҚ 2. Тілдік құзіреттілігі	<p>ЖҚ2.1. Мемлекеттік, орыс және шетел тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құра білу қабілеті.</p> <p>ЖҚ2.2. Таңдалған траекторияда және пәнаралық ортада өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті.</p>
ЖҚ 3. Математикалық құзіреттілігі және ғылым саласындағы құзіреттілігі	ЖҚ3.1. ЖОО-да математикалық, жаратылыстану пәндерді оқу барысында алған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін көсіби міндеттерді шешуге қолдана білу қабілеті мен дайындығы.
ЖҚ 4. Цифрлық құзіреттілігі, технологиялық сауаттылығы	<p>ЖҚ4.1. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өз өмірі мен көсіби қызметінің барлық салаларында менгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылығын көрсету және дамыту.</p> <p>ЖҚ4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін пайдалану мүмкіндігі: интернет ресурстары, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату үшін бұлттық және мобильді қызметтер.</p>
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзіреттіліктері	<p>ЖҚ5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және көсіби белсенділікті қамтамасыз ету үшін физикалық өзін-өзі жетілдіру және салауатты өмірге бағдарлау қабілеті.</p> <p>ЖҚ5.2. Азаматтық пен адамгершіліктің көрінуіне негізделген әлеуметтік-мәдени даму қабілеті.</p> <p>ЖҚ5.3. Өмір бойы өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және көсіби табысқа жету үшін жеке білім беру траекториясын құру қабілеті.</p> <p>ЖҚ5.4. Оқуда, жұмыста, үйдегенебосуақыттаәртүрліәлеуметтік-мәдениконтексттердегібыстыққараәрекеттесуқабілеті.</p>
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзіреттілігі	<p>ЖҚ6.1. Әртүрлі ортада шығармашылық және іскерлік қабілеті.</p> <p>ЖҚ6.2. Белгісіздік режимінде және тез өзгеретін тапсырма шарттарында жұмыс істеу, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және уақытты басқару қабілеті.</p> <p>ЖҚ6.3. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істей білу қабілеті.</p>
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу қабілеті	<p>ЖҚ7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсете білу қабілеті.</p> <p>ЖҚ7.2. Дүние жүзіндегі басқа халықтардың салт-дәстүріне, мәдениетіне тәзімділік таныту, жоғары рухани қасиеттерге ие болу</p>

	қабілеті.
<b>КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕР (HARD SKILLS).</b>	
Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнаіры теориялық білімдер және тәжірибелік дағдылар, қабілеттер	<p>КҚ1. Шет тілінде білім беру теориясы, лингвистика және аударматану, шет тілдерін оқыту әдістемесі теориясы, коммуникация, мәтінді лингвистикалық талдау және түсіндіру, шет тілінде білім берудің, лингвистика мен аударматанудың қазіргі жайкүйі мен даму перспективалары саласындағы негізгі қағидалар мен тұжырымдамаларды білуін көрсету қабілеті;</p> <p>КҚ 2. Жоғары оқу орындарында, жалпы білім беретін мекемелерде және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында шет тілдерін, лингвистика мен аударматануды оқыту әдістемесі бойынша оқу сабактарын және аудиториядан тыс жұмыстарды өткізу қабілеті.</p> <p>КҚ 3. Кәсіби міндеттерді шешу үшін библиографиялық мәдениетті сақтай отырып, шеттілдік білім беру, лингвистика, мәдениетаралық коммуникация және аударматану саласындағы зерттеу материалдарын талдау, кәсіби қызметте ғылыми зерттеу әдістерін қолдану қабілеті.</p> <p>КҚ 4. Дербес кәсіби еңбек процесін ұйымдастыру қабілеті, кәсіби ұжымдарда жұмыс істеу дағдыларын менгерген, аталған ұжымдардың жұмысын жоғарыда аталған кәсіби қызметтің барлық түрлері үшін тиісті материалдармен қамтамасыз етуге қабілетті.</p> <p>КҚ 5. Ақпараттың сапасы мен мазмұнын бағалау, ең маңызды фактілер мен тұжырымдамаларды бөліп көрсету, оларға әртүрлі дереккөздердің материалдарымен жеке бағалау және түсіндіру, сондай-ақ жазбаша мәтіндерді рефераттау және аннотациялау, берілген тақырыптар бойынша аналитикалық шолулар жасау, нақты материалдарды табу, жинау және жалпылау, түлектердің инновациялық және цифрлық құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін негізделген тұжырымдар жасау мүмкіндігі.</p> <p>КҚ 6. Мәтіндерді лингвистикалық талдауды аналитикалық оку, құжаттарды аннотациялау және рефераттау, шет тілінде білім беруді оқыту әдістемесі бойынша ғылыми еңбектер, лингвистика және аудармашылық және көркем шығармаларды шет тілдерінде, бастапқы мәлімдемені дәл қабылдауға, аударма процесінде ықтимал когнитивті диссонанс пен сәйкесіздіктерді болжауға және оларды жену тәсілдеріне; ғылыми лингвистикалық парадигмада бағдарлауға ықпал ететін қабілет.</p> <p>КҚ7. Жаңартылған бағдарлама бойынша оқытудың әдістері мен стратегияларын (тиімді оқыту, қалыптастыруышы және жиынтық бағалау, оқытудағы сараланған тәсіл, рефлексия) пайдалану, шет тілінде білім беруді оқыту әдістемесі бойынша құжаттарды, ғылыми еңбектерді, лингвистика мен аударматануды және көркем туындыларды шет тілдерден және шет тілдерге аудару (негізінен ғылыми және публицистикалық, сондай-ақ құжаттар) дағдыларын менгеру қабілеті.</p> <p>ПҚ8. Кәсіби құндылықтарды көрсету білу қабілеті: кәсібілік, жаңашылдық, креативтілік, меритократиялық, адалдық.</p>

**3.1 ББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы**

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
ЖК1		+			+	+	+	
ЖК2					+		+	+
ЖК3			+	+		+	+	+
ЖК4			+				+	+
ЖК5			+				+	
ЖК6	+		+				+	
ЖК7					+			
КК1	+	+			+	+		
КК2	+	+	+		+	+	+	
КК3	+	+			+			+
КК4			+				+	
КК5				+			+	+
КК6	+	+	+		+	+	+	+
КК7	+				+	+	+	+
КК8		+		+		+	+	

#### 4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы

№	Модул ь атауы	ЦИК Л	Компо нент	Пән атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Кредит саны	Қалыптастасын оқыту нәтижелері (коды)							
							ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8
1	Фылым и-педагогикалық дайындық модулі	БП	ЖК	Фылым тарихы мен философиясы	Мақсаты: алған білімдерімен еркін әрекет ету, оларды нақты практикалық ғылыми мәселелерді шешуге шығармашылықпен қолдану қабілетін қалыптастыру. Мазмұны: 21 ғасырдағы коммуникациялық технологиялар және олардың қазіргі ғылымдағы рөлі, философия ғылымының категориясы мен категориясындағы әртүрлі фактілер мен құбылыстар.	4	v						v	
2		БП	ЖК	Екінші шет тілі (Кәсіби бағытталған неміс тілі)	Мақсаты: кәсіби салада ауызша және жазбаша түрде шетел (неміс) тілінде негізгі коммуникациялық дағдыларды, делдалдық және мәдениетаралық түсіністікті менгеру. Мазмұны: шетел (неміс) тілінде ауызекі қарым-қатынас дағдылары мен мәдениетаралық құзыреттіліктерін дамыту, неміс тілінде ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми баяндама, таныстырылым,	4							v	v

					пікірталас, тезистер мен мақалалар жазу, ғылыми мәтінге аннотациялар, түйіндеме жазу.								
3		БП	ЖК	Басқару психологиясы	Мақсаты: жоғары білікті мамандардың кәсіби іс-әрекетінде қажетті қазіргі психология ғылымының негізгі қағидаларын қарастыру. Мазмұны: іргелі психологиялық концепциялар, тұлғаны психологиялық зерттеу дағдылары бойынша дүниетанымның ғылыми-теориялық дүниетанымын қалыптастырады, эксперименталды психологиялық зерттеудің және психокоррекциялық жұмыстың негізгі әдістерін енгізеді, ұжымдық қақтығыстарды басқарады, күйзеліс пен оны шешу жолдарын ұсынады.	3	v						v
4	Оқытуд ың әдістем елік негізде рі	БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясы	Мақсаты: қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық білімдер негізінде жоғары оқу орнында кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру бойынша магистранттардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: Жоғары білімнің қазіргі парадигмалары. Қазақстандағы жоғары білім	5							v

				берудің тарихы, тенденциялары мен даму стратегиялары. Жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясының пәні, міндеттері, категориялары. Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясының әдіснамалық негіздері. ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі. ЖОО оқытушысының коммуникативтік құзыреттілігі. Жоғары мектеп дидактикасы. Колледж жасындағы психологиялық ерекшеліктер. Университеттегі оку процесі және оның заңдылықтары. ЖОО-дағы білім мазмұны. ЖОО - да оқу процесін үйімдастыру нысандары. ЖОО-да оқу-тәрбие процесін үйімдастыру және іске асыру технологиялары. Кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктері. Оқыту әдістемесі мен әдістері.						
5	КП	ТК	Академиялық жазу және жобалық жұмыс	Мақсаты: ағылшын тіліндеғылыми әдебиеттерге зерттеу жүргізу дағдыларын дамыту; осы түрдегі полиграфиялық бұйымдарды жобалаудың қолданыстағы стандарттарын ескере отырып, ағылшын тілінде						

6	БП	ЖК	Педагогикалық практика	<p>аннотациялар мен рефераттарды ресімдеу ережелерімен танысу; арнайы, ғылыми-көпшілік және нақты ғылыми мәтіндермен танысу; мамандық бойынша арнайы сөздік қорын және ғылыми мәтіндерді аудару дағдыларын дамыту.</p> <p>Мазмұны: аннотациялар үшін сөйлеу стандарттары туралы түсініктерді қарастыру; реферат жасау үшін сөйлеудің стандартты бұрылыштарын колдану дағдыларын қалыптастыру, реферат мәтіндерінің, дәйексөздердің артықшылығын жою жолдары, ағылшын тілінде шолуларды, рефераттарды, аннотацияларды цифрлық ресімдеу ережелері, рецензияланған дереккөздің сипаттамалары мен сипаттамасы; жұмысты бағалау, ұсыныстар мен қорытындылар.</p>	4				v		

					және аударма ісі бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеру, Озық тәжірибелі қолдану.						
7	Шет тілін оқыту және мәдени етаралық коммуникация әдістемесі	КП	TK	Мәдениетаралық коммуникация аспектісінде теориялық және қолданбалы лингвистиканы оқыту әдістемесі	<p>Мақсаты: қазіргі тіл білімінің әртүрлі салаларының терминологиясын менгеру мақсатында теориялық және қолданбалы тіл білімін оқыту әдістемесі туралы мәліметтер беру; мәтіндердің барлық түрлерін құру, өндеу, жинақтау, жүйелеу және талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді; оқыту әдістемесі, мәдениетаралық коммуникация және лингвомәдениеттану дамуының негізгі тенденциялары туралы білімді біріктіреді.</p> <p>Мазмұны: қазіргі тіл білімін оқытудың жаңа ерекшеліктері, мәселелері, әдістемесі; семантикалық (семасиологиялық) зерттеу жүйесі; функционалдық тұрғыдан мағыналардың типологиясы; тіл және мінез-құлық; тіл және сөйлеу; тіл үйренуге деген тәсілдер; сөйлеу ақпаратын автоматты түрде өндеу және оның</p>	5					v

				лингвистикалық мәселелері.							
8	КП	TK	Элеуметтік желілердегі мәтіндерді аудару стратегиялары н оқыту әдістемесі	<p>Мақсаты: ағылшын тілді әлеуметтік желілердегі дәстүрлі және жаңа тілдік үрдістерді зерделеу және жіктеу, сондай-ақ бұқаралық акпарат құралдары басылымдарының, атап айтқанда әлеуметтік желілердің қазіргі ағылшын тіліндегі мәтіндерінің басылымдарын аудару ерекшеліктерін зерттеуді жандандыру.</p> <p>Мазмұны: ағылшын тілін оқыту үрдісінде әлеуметтік желілер мәтіндерін пайдалану тәжірибесін жинақтау; оқу дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруға, жаңалықтар хабарламаларының негізгі мазмұнын тындау мен түсінуге, сондай-ақ алынған акпаратты қысқаша баяндау қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған</p>						v	

